

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қоғамдық қор) Білім беру, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығының жоба менеджері бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Білім беру, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығының (бұдан әрі - Орталық) жоба менеджерінің негізгі функционалдық міндеттері:

1) Қоғамдық қордың ішкі құжаттарына сәйкес білім беру, мәдениет және спорт саласындағы бар проблемаларды талдау негізінде ұсынылып отырған бағдарламаның/жобаның өзектілігі туралы қорытынды дайындау;

2) білім беру, мәдениет және спорт саласындағы әлеуетті қайырымдылық жобасын немесе бағдарламасын Басқарма мүшелерінің қарауына және бекітуіне енгізу, қажет болған жағдайда ескертулерді қайта қарау;

3) білім беру, мәдениет және спорт саласындағы әлеуетті қайырымдылық жобалар мен бағдарламаларды қарау жөніндегі Қоғамдық қордың отырыстарына қатысу;

4) барлық әлеуетті серіктестермен, жобаға/бағдарламаға қатысушылармен, мемлекеттік уәкілетті органдармен, оларға ведомстволық бағынысты ұйымдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, бірлестіктермен, қайырымдылық ұйымдармен, қорлармен және жобалар мен бағдарламалардың бастамашыларымен және т.б. ұйымдармен өзара әрекеттесу;

5) білім беру, мәдениет және спорт саласындағы қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (жол карталарын) және Қамқоршылық кеңесі бекіткеннен кейін ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы меморандумды іске асыру;

6) жоба бастамашыларымен, уәкілетті мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, Қауымдастықтармен және т.б. бірлесіп жұмыс топтарына қатысу;

7) әлеуетті жобалар немесе бағдарламалар бойынша тікелей басшының сұрауы бойынша ақпаратты (презентациялар, есептер, сертификаттар және т.б.) дайындау;

8) білім беру, мәдениет және спорт саласындағы әлеуетті жобаны немесе бағдарламаны қарау бойынша Сараптамалық комиссияға ұсыну үшін құжаттарды дайындау және Сараптама комитетінің отырысын өткізу, хаттама жасау;

9) Қоғамдық қорға келіп түскен өтініштерді қарауды онлайн бақылау жүйесінде келіп түскен өтініштер мен бекітілген бағдарламаларды/жобаларды есепке алуды жүргізу және жүйелеу және есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніне тұрақты негізде қайырымдылық бағдарламаларының/жобаларының іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ету;

10) Қоғамдық қордың ішкі нормативтік құжаттарымен бекітілген тәсілдер негізінде білім беру, мәдениет және спорт саласындағы

қайырымдылық бағдарламасы/жобасы бойынша әлеуетті өнім берушілерді таңдау;

11) бағдарлама/жоба құжаттамасын жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес білім беру, мәдениет және спорт саласындағы қайырымдылық жобасының/қайырымдылық бағдарламасының дерекнамасын қалыптастыру;

12) Орталық менеджерімен бірлесіп білім беру, мәдениет және спорт саласындағы қайырымдылық бағдарламаның/жобаның іске асырылуы туралы қорытынды есепті дайындау және оны бағдарламамен/жобамен бірге Бухгалтерлік есеп және есептеу бөлімі және Қоғамдық қордың ішкі аудиторының қарауына, ішкі аудитордың қорытындысымен Қамқоршылық кеңестің отырысында кейіннен қарауға жіберу;

13) Қоғамдық қор Басқармасының және Қамқоршылық кеңесінің отырысына білім беру, мәдениет және спорт саласындағы қайырымдылық бағдарламасы/жобасы бойынша қорытынды есепті жобалық деректемемен, Бухгалтерлік есеп және есептеу бөлімі және ішкі аудитордың қорытындыларымен бірге ұсыну;

14) қорытынды есепті Қоғамдық қордың ресми сайта орналастыруға жолдау;

15) Қоғамдық қордың жартыжылдық есебіне және жылдық есебіне қосу үшін білім беру, мәдениет және спорт саласындағы бағдарлама/жоба бойынша есепті ұсыну;

16) Қоғамдық қордың бекітілген номенклатурасына сәйкес Орталықтың құжаттамасын қалыптастыру және жүргізу;

17) Орталықтың құжаттарын Қоғамдық қордың мұрағатына тапсыру үшін дайындау және тігу;

18) Орталықтың міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу;

19) Қоғамдық қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басшылық тапсырмаларын орындау.

Жоба менеджер келесі біліктілік талаптарына сай болуы керек:

Білімі: мамандығы бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

Мамандығы: экономика және (немесе) менеджмент, педагогика және (немесе) әлеуметтік сала, құқықтану немесе гуманитарлық білім және (немесе) ақпараттық технологиялар.

Жұмыс тәжірибесі: кемінде 3 (бес) жыл, жобаны басқару тәжірибесі артықшылық ретінде болады.

Тиісті курстарды немесе кәсіби сертификаттауды, соның ішінде жобаны басқаруды аяқтағаны туралы сертификаттарға артықшылық беріледі.

Жоба менеджердің келесі білімдері мен дағдылары болуы керек:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық және еңбек заңнамасын, қайырымдылық, коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасын білу;

2) жобаларды басқару саласындағы білім мен дағды;

3) ақпаратты талдау және жүйелеу, аналитикалық есептерді дайындау дағдылары.

Конкурстық іріктеуге қатысуға ниет білдірген қатысушылар Қоғамдық қордың электрондық мекенжайына – hr@qazaqstanhalqyna.kz келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) түйіндеме;
- 2) білімі, біліктілігі (арнайы білімі және/немесе кәсіптік даярлығы болған жағдайда) туралы құжаттардың көшірмелері;
- 3) еңбек өтілін растайтын құжаттардың көшірмелері (еңбек кітапшасы немесе бұрынғы еңбек қызметін растайтын басқа да құжаттар (төмендегілердің кез келгені болуы мүмкін: тоқтатылған күні мен себебі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты; еңбек шартты жасау немесе тоқтату негізінде еңбек қатынастарын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінді көшірмелер; жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен куәландырылған жеке іспарақ; еңбек қызметі туралы мәліметтері бар мұрағаттық анықтаманы, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы жинақтаушы зейнетақы қорының жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтері;
- 4) еркін түрдегі ынталандыру хаты.

Конкурстық іріктеуге қатысуға ниет білдірген қатысушылар Конкурстық комиссияға ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың бірін ұсынбау немесе құжаттарды белгіленген мерзімнен тыс беру оларды қараусыз қалдыруға негіз болып табылады.

Қатысушылар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты қосымша құжаттарды (біліктілікті арттыру туралы құжаттардың, берілген ғылыми дәрежелер мен атақтардың көшірмелері, мінездемелер, ғылыми жарияланымдар, олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер), кәсіби қоғамдастықтарға мүшелік туралы құжаттарды ұсына алады.

Қоғамдық қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың сақталуына және қатысушының дербес деректерінің бос лауазымға жарияланбауына кепілдік береді.

Құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі - 2025 жылдың 26 ақпанына дейін қоса алғанда.